

Зеренді аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 13-95 "Зеренді ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2026 жылғы 16 сәуірдегі № 46-324 шешімі

Зеренді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Зеренді аудандық мәслихатының "Зеренді ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 13-95 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8684-03 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында:

6-тармақтың 10) және 11) тармақшалары алынып тасталсын;

10-тармақтың 10) және 11) тармақшалары алынып тасталсын;

11-тармақта:

1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі, үш айдан кешіктірмей. Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіш, бір рет;

2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі, үш айдан кешіктірмей. Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіш, бір рет;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) әлеуметтік маңызы бар аурулары (адамның иммунитет тапшылығы вирусы (АИВ) тудыратын ауру, қатерлі ісіктер, туберкулез) бар адамдарға (отбасыларға) жылына 1 рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

8) тармақша алынып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4,5,6,7-баптарында және 8 баптың 3) тармақшасында көрсетілген адамдарға Қазақстан Республикасы шегінде санаторийлық-курорттық емделуге жолдама құнын өтеуге төлем туралы құжаттар негізінде жылына 1 рет 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

10), 11) және 14) тармақшалары алынып тасталсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) гемодиализ аппаратын пайдаланатын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға ай сайын (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

12-тармақтың 1) және 2) тармақшалары алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасының міндетін атқарушы

Б. Дүйсембекова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК